

**Астана қаласы №85 мектеп лицейінің жалпы мектепшілік  
ата-аналар жиналысының  
хаттамасы № 2**

**04.01.2022**

**Қатысқан ата-аналар -350**

**Күн тәртібінде:**

1. I жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмысының қорытынды есебі. Жалпы оқумен қамту (М.Казиева)
2. Оқушылардың тамақтануы. (М.Утебаева) (ата-аналар бракераждық комиссиясының мүшесі Муталиева Ф. С.)
3. Қамқоршылық кеңестің есебі (Абылкасымов Т.Ш.)
4. «Балалар агрессиясының себептері» тақырыбында ата-аналар жиналысында кеңес беру. (Тикей М., Рахматуллина А.Т.)

**Тыңдалды:**

**Кеңес төрайымы:**

1. **№ 85 мектеп – лицей директоры М.Казиева.**

Кеңес төрайымы М.Казиева ата-аналарды жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының күн тәртібімен таныстырып өтті.

**Сөйлегендер:**

Мектеп директоры М.Казиева сөз алып, мектеп-лицейдің I жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарының жүргізілу барысы мен жалпы оқумен қамту шараларына тоқталып өтті. Сөз барысында мектеп-лицейдің білім сапасын I және II тоқсан бойынша салыстырмалы түрде атап өтті. Сонымен қатар оқушылардың бос уақытын мазмұнды ұйымдастыру және жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында ұйымдастырылып жатқан үйірмелер мен спорттық секциялар жұмыстарына тоқталды. Оған қоса пәндік олимпиадаларға дайындайтын, ғылыми-ізденіс, зерттеу саласы бойынша да жүргізіліп жатқан таңдау курстарының жұмыстарын атап өтті.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында комиссия құрылып, жоспар бойынша жұмыстар атқарылып жатқанын айтты.

Мектептің 3 жылдық стратегиялық даму жоспары талқыланды.

Сонымен қатар М.Казиева өз сөзінде 2021 жылғы қаржыландыру есебі мен 2022 жылғы жоспарға тоқталып өтті.

**2 мәселелер бойынша М.Утебаева – элеуметтік педагог тамақтану бойынша есеп берді.**

1. Оқушылардың мектепте болған кездеріндегі ыстық тамақпен қамтылуы, олардың денсаулығын сақтаулары жөнінде есеп берді. Оқушылардың көп уақыттары мектепте өтетіндіктен мектепте жақсы тамақтануды ұйымдастыру біріншіден олардың денсаулық деңгейін көтеретінін айтып өтті. 2021 жылдың қыркүйек айынан бастап біздің мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылды және брокеражды комиссия құрылғаны жөнінде және комиссияның негізгі мақсаты 1-4 сынып оқушыларының тамақтануын тексеріп, асхананың санитарлы-гигиенасын тексеріліп отыратыны туралы айтылып өтті.

**2.Бракераждық комиссия мүшесі Муталиева Феруза Султанбековнаға сөз берілді.**

Бракераждық комиссияның жұмысына есеп берді. Әр апта сайын брокераждық комиссия кезекшілік графигі бойынша оқушылардың тамақтануын және тағамның сапасын тексеруге келетіні жөнінде айтты. Тексеріс барысында оқушылардың кейбір тағамды жемейтінін байқадық. Ол: перловка, қуырылған қырыққабат, айран, сүт. Осы тағамдардың орнына акт жасалып, тағамдарды ауыстығандығы жөнінде айтты

3 мәселе бойынша сөз кезегін алған қамқоршылық кеңесінің төрағасы Н.А.Нурлыбаев мектептегі қамқорлық кеңесінің жоспарымен, құрамымен таныстырды және қамқоршылық кеңесінің өткізген іс-шараларын атап өтті. Нақтылай айтсақ, оқушылардың жана жыл мерекесінің ұйымдастырғандары жөнінде, аз қамтылған, жетім оқушыларға демеушілік көрсеткендігі және барлық оқушыларға көмек ретінде төмен бағамен өткізгендігі жөнінде айтты.

**4 мәселе бойынша мектептің психологтары Тикей М., Рахматуллина А.Т. сөз сөйледі.**

Ата-аналарға психологиялық-педагогикалық көмек ретінде кеңес беру жұмыстары жөнінде жұмыс жүргізілді. Агрессияның пайдасы неде? Балада агрессияның жойқын білінулеріне қалай жол бермеуге болады? деген сұрақтар бойынша ата-аналарға кеңес беріліп, тренинг өткізілді.

**Жиналыстың соңында ата-аналар сұрақтарын қойды:**

1. Қабанбай Батыр көшесіндегі аялдамаға баратын кіре берістің ашылуы қолға алынса?
2. Мектептің ауласындағы жарықтары қосылды, бірақ тағы да көбірек жарық болса ?
4. Неге үлкен үзілісте оқушылар тамақтануға үлгермейді?  
Мектеп директоры М.Казиева ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға мектептің мүмкіндігіне қарай жұмыс жүргізілетінін айтты.

**Шешімі:**

1. I жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмысының қорытынды есебі қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Оқушылардың тамақтануын қадағалау жұмыстары жалғастырылсын.
3. Қамқоршылық кеңесінің жұмысы жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Мектеп-лицей директоры  
Хатшы



М.Казиева  
Л.Башеева